

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және олардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 702 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 28 маусымдағы

N 702 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 1 тамыздағы N 1207 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 35, 328-құжат):

тексеру комиссиясының құрамына мемлекеттік өкілдер енгізілетін акционерлік қоғамдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "ҚазМұнайГаз" ҰК" ЖАҚ";

реттік нөмірі 2-жол алынып тасталсын.

2. "Алматы қаласының аумағында орналасқан ұйымдар мен объектілерге қатысты мемлекеттік меншік түрлері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қарашадағы N 1141 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 41, 371 - құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік үлестері мен акцияларының пакеттері мемлекеттік республикалық меншіктегі шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдардың тізбесінде:

реттік нөмірлері 114, 116-жолдар алынып тасталсын.

3. "Жекелеген акционерлік қоғамдарға банктік қызмет көрсету мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 наурыздағы N 316 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 10, 94-құжат):

қаражаттары бірінші топтағы банктерде орналастырылуға жататын акционерлік қоғамдардың (ұлттық компаниялардың) тізбесінде:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" ЖАҚ".

4. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне" бөлімінде:

реттік нөмірі 9-1-жол алынып тасталсын.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен .

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.25 № 1412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. "Акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялардың) кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 тамыздағы N 1098 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 30, 389-құжат):

1-тармақ "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" деген сөздердің алдынан мынадай сөздермен толықтырылсын:

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы",".

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 8 м а у с ы м д а ғ ы

N 7 0 2 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы" акционерлік қоғамының байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 тамыздағы N 819 қаулысы .

2. "Ұлттық компаниялар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 наурыздағы N 286 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 10, 84-құжат).

3. "Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы" ЖАҚ-ның жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 тамыздағы N 1223 қаулысы .

4. "Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 қыркүйектегі N 1359 қаулысы .

5. "Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясын салуды қаржыландырудың жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 маусымдағы N 981 қаулысы .

6. "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2000-2005 жылдарға арналған Индикативтік жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 тамыздағы N 1252 қаулысы .

7. "Қазтеңізкөлікфлоты" ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 мамырдағы N 714 қаулысы .

8. "Мұнай және Газ көлігі" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының 2001-2005 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 ақпандағы N 221 қаулысы .